БЕКІТЕМІН
Ғылыми жұмыстар және инновациялар
жөніндегі проректор
_____ Е. Р. Керімбеков
«__» _____ 2026 жыл

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ЖАС ҒАЛЫМ» КЕНЕСІНІҢ 2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Шымкент 2026

Жоспардың мақсаты

Университеттің жас зерттеушілері, докоранттары, магистранттары және ғылыми ізденіске бейім білім алушыларының ғылыми әлеуетін жүйелі дамыту, педагогикалық зерттеулердің сапасын арттыру, гранттық және жарияланымдық белсенділікті қолдау, ғылым нәтижелерін білім беру практикасына енгізу және ғылыми қауымдастықтағы сабақтастықты нығайту.

Негізгі міндеттер

- жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметін үйлестіру және қажеттіліктерін тұрақты анықтау;
- ғылыми жобалар мен гранттық конкурстарға сапалы өтінім әзірлеу дағдыларын қалыптастыру;
- Scopus және Web of Science базаларындағы жарияланымдарға қойылатын талаптар, академиялық жазылым және зерттеу әдіснамасы бойынша қолдау көрсету;
- зерттеу этикасы, академиялық адалдық, деректерді басқару және жасанды интеллектіні жауапты пайдалану мәдениетін дамыту;
- тәжірибелі ғалымдар мен жас зерттеушілер арасында тәлімгерлік жүйесін ұйымдастыру;
- мектептермен, ғылыми ұйымдармен және отандық әрі шетелдік университеттермен зерттеу серіктестігін кеңейту;
- жас ғалымдардың ғылыми нәтижелерін таныту, білім беру практикасына енгізу және зияткерлік меншік объектілерін қорғауға жәрдемдесу.

Нысаналы көрсеткіштер

№	Көрсеткіш	2026-2027 оқу жылындағы нысана
1	Ғылыми-әдістемелік семинарлар мен тренингтер	кемінде 8
2	Гранттық өтінімдер бойынша консультациялар	кемінде 10 өтінім
3	Жас ғалымдардың ғылыми жобалар питчингі	кемінде 1 іс-шара
4	Scopus және Web of Science басылымдарына ұсынылған мақалалар	кемінде 12 қолжазба
5	Мектеп–университет бірлескен зерттеу бастамалары	кемінде 4 жоба
6	Ғылыми тағылымдама және академиялық ұтқырлыққа ұсынылған кандидаттар	кемінде 5
7	Жас ғалымдар қызметі туралы ақпараттық жарияланымдар	кемінде 20 материал

Негізгі іс шаралар жоспары

№	Іс шараның атауы	Өткізу нысаны	Мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже және индикатор
I. Ұйымдастыру және үйлестіру					
1	«Жас Ғалым» ұйымының құрамын, бағыттық секторларын және жылдық жұмыс жоспарын бекіту	Ұйымдастыру отырысы	Қыркүйек 2026	Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор; ұйым төрағасы; мүшелері	Бекітілген құрам, міндеттер бөлінісі және жұмыс жоспары
2	Университеттегі жас зерттеушілердің ғылыми бағыттары, жарияланымдары, жобалары және қолдау қажеттіліктері бойынша электрондық дерекқор қалыптастыру	Мониторинг, сауалнама	Қыркүйек–қазан 2026	Ғылым департаменті;	Жаңартылатын дерекқор; қажеттіліктер картасы
3	«Жас ғалымның ашық қабылдауы» форматында ғылыми мәселелер бойынша тұрақты кеңес беру	Консультация	Ай сайын	Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор; ұйым төрағасы;	Өтініштер журналы; шешілген мәселелер бойынша анықтама
II. Жарияланымдық белсенділік және зерттеуші профилі					
4	Scopus, Web of Science, ERIC және Google Scholar базаларында әдебиет іздеу және деректерді жүйелеу	Тренинг	Қазан 2026	Жас ғалымдар кеңесі	Іздеу стратегиялары; жеке библиографиялар
5	Журнал таңдау, күмәнді басылымдарды ажырату және рецензент пікіріне жауап дайындау	Воркшоп	Қаңтар 2027	Ғылыми басылымдар бөлімі; тәжірибелі авторлар	Журнал таңдау картасы; response letter үлгілері
6	ORCID, Scopus Author ID, Web of Science Researcher Profile және Google Scholar профильдерін сәйкестендіру	Практикалық консультация	Жыл бойы	Ғылым және аккредитация бөлімі:	Жас ғалымдардың кемінде 90%-ында өзекті профиль
III. Гранттар, жобалар және инновациялар					
7	ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру конкурстары және «Жас ғалым» жобасы бойынша ақпараттық сессия	Ақпараттық семинар	Конкурс кестесіне сәйкес	Ғылым департаменті; Жас ғаламыдар кеңесі.	Конкурстар күнтізбесі; әлеуетті өтінімдер тізімі
IV. Педагогикалық университетке тән зерттеу серіктестігі					
8	«Мектеп–университет зерттеу зертханасы» бастамасы бойынша серіктес мектептердегі өзекті педагогикалық мәселелерді жинақтау	Кездесу, сауалнама	Қазан–қараша 2026	Практика және мансап бөлімі; факультеттер; мектеп үйлестірушілері	Мектептердің зерттеу сұраныстары банкі
9	Серіктес мектептермен шағын педагогикалық action research жобаларын әзірлеу және өткізу	Бірлескен зерттеу	Желтоқсан 2026 – мамыр 2027	Жас ғалымдар; мектеп мұғалімдері; ғылыми жетекшілер	Кемінде 4 бірлескен зерттеу; енгізу актілері
10	Болашақ педагогтердің студенттік ғылыми үйірмелерін және ғылыми жобаларын әдістемелік сүйемелдеу	Менторлық, консультация	Жыл бойы	Факультет үйлестірушілері; ұйым мүшелері	Студенттік жобалар; конференция баяндамалары
11	Педагогикалық инновациялар мен цифрлық білім беру шешімдерінің көрмесі	Көрме, демонстрация	Сәуір 2027	Ұйым мүшелері; факультеттер; серіктес мектептер	Кемінде 15 әзірлеме; сарапшылар пікірі
V. Ғылыми коммуникация және серіктестік					
12	Қазақстандық және шетелдік жас ғалымдар кеңестерімен бірлескен онлайн семинарлар өткізу	Онлайн кездесу	Жыл бойы, кемінде тоқсанына 1 рет	Коллаборация секторы; халықаралық байланыстар бөлімі	Кемінде 3 бірлескен іс-шара; байланыстар базасы

№	Іс шараның атауы	Өткізу нысаны	Мерзімі	Жауаптылар	Күтілетін нәтиже және индикатор
13	«Ғалыммен сұхбат» кездесулер циклі	Ашық дәріс, сұхбат	Екі айда 1 рет	Ұйым төрағасы; факультет үйлестірушілері	Кемінде 4 кездесу; бейне немесе мәтіндік материал
14	Жас ғалымдардың ғылыми тағылымдамаларға, академиялық ұтқырлыққа және халықаралық конференцияларға қатысуын ақпараттық сүйемелдеу	Ақпараттық қолдау	Жыл бойы	Халықаралық ынтымақтастық бөлімі; ұйым мүшелері	Кемінде 5 кандидаттың өтінімі
15	Университет сайты мен әлеуметтік желілерінде «Жас ғалым» айдарын тұрақты жүргізу	Ақпараттық жұмыс	Айына кемінде 2 материал	Медиа орталық; ақпараттық сектор	Кемінде 20 жарияланым; жетістіктерді таныту
VI. Ғылыми іс шаралар және қорытындылау					
16	Ғылым қызметкерлері күніне арналған «Жас ғалым және жаңа педагогикалық идея» апталығын өткізу	Ғылым апталығы	Сәуір 2027	Ғылым және аккредитация бөлімі:	Семинарлар, байқаулар, көрме және сертификаттар
17	Жас ғалымдар мен білім алушылардың университеттік ғылыми конференциясын ұйымдастыру	Конференция	Сәуір–мамыр 2027	Ғылым және аккредитация бөлімі:	Бағдарлама, жинақ немесе электрондық материалдар
18	Жылдық нысаналы көрсеткіштердің орындалуын талдау және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу	Қорытынды отырыс	Маусым 2027	Ғылым және аккредитация бөлімі:	Жылдық есеп; KPI мониторингі; жаңа жоспарға ұсыныстар

Іске асыру және мониторинг тәртібі

1. Іс-шаралардың орындалуы ұйым төрағасы мен сектор жетекшілерінің тоқсандық мониторингі арқылы бақыланады.
2. Әр іс-шара бойынша бағдарлама, қатысушылар тізімі, фотоесеп, жарияланым, сертификат, өтінім немесе сараптамалық қорытынды түріндегі дәлелдеме құжаттары жинақталады.
3. Нысаналы көрсеткіштердің орындалуы жартыжылдық және жылдық есепте сандық әрі сапалық тұрғыдан талданады.
4. Жоспарға конкурс мерзімдерінің, университеттің стратегиялық міндеттерінің немесе серіктестер ұсыныстарының өзгеруіне байланысты толықтыру енгізілуі мүмкін.
5. Қаржыландыруды қажет ететін іс-шаралар университеттің бекітілген сметасы, гранттық қаражат, серіктестік қолдау және Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген өзге көздер есебінен іске асырылады.

«Жас Ғалым» кеңесінің төрағасы	_____Б.С.Уалиханова
Ғылым департаментінің басшысы	_____ М.О.Байхамурова
Хатшы	_____ Э.К.Кожабекова